

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 қаңтардағы N 53 Қаулысы

Әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің бюджет қаражаты мен штат санын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЛА-155/13 мекемесі" мемлекеттік мекемесі оған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЛА-155/17 мекемесі" мемлекеттік мекемесін қосу жолымен;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/24 мекемесі" мемлекеттік мекемесі оған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/21 мекемесі" мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Мемлекеттік мекемелер" деген 2-бөлімде:

реттік нөмірлері 9, 23-жолдар алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*